


A decorative border composed of numerous small, stylized pencil icons arranged in a rectangular frame around the central text.

ДКБ Сымбат бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңестің №1 хаттамасы.

2022-2023 оқу жылы

№1 меңгеруші кеңес хаттамасы.

07.09.2022 ж

Жиналғандар саны -10

Күн тәртібі:

1. Тіл мерекесіне арналған апталығының іс-шаралары жөнінде.
2. Жалпы ата-аналардың жиналысына дайындық туралы.
3. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын шолу тексерудің қорытындысы.
4. «Алтын күз» мерекелерінің сценарилерін бекіту
5. Кіріс құжаттарын талқылау.

1.Тыңдалды балабақша әдіскері Тіл мерекесіне арналған апталық іс шараларымен таныстырды. Апталыққа айшық оқу қызметі, интеллектуалды ойын, ертегі кештерін өткізуді ұсынды. Сонымен бірге апталықты 14-18 қыркүйек күндері өткізуді ұсынды. Меңгеруші келісім берді.

2.Тыңдалды

Балабақша әдіскері жалпы ата-аналар жиналысына дайындықты пысықтап шықты онда көтерілетін мәселелерге аса мұқият және талапқа сай болсын деп тапсырма берді.Әр топ өзінің ішінара мәселелерімен ата-аналармен үнемі тығыз байланыста болуды айтып өтті.

Тәрбиешілер өз келісімін берді.

3.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Н.Байтурсынова. Педагогикалық диагностика –бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интеллектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Балабақша бойынша қортынды мониторинг көрсеткіші қанағаттанарлық болғанын айтып, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісім берді.

4.Тыңдалды «Алтын күз » мерекелерінің сценариймен музыкант А.Раймбекова таныстырып өтті. «Ересек топтарда ертеңгілік , сабан той түрінде жобаланған.Тақпақтар, әндер және сахналау бағдарлама талаптарына сай дайындалған.Балаларға үлкендердің еңбегін құрметтеу, өз өлкесіне мақтаныш сезімдерін ұялату мақсаты қойылған.

Ортаңғы ортаңғы топқа арналған ертеңгілікте әндер, тақпақтар, билер бала жасына сай дайындалған. Ертеңгілікте сахналау, сюрприз сәттері жобаланған.

Балабақша меңгерушісі Н.Байтурсынова зал ішін безендірілуіне тоқталып, панноға үлкен плакат ілуді ұсынды. Бұл тапсырманы тәрбиеші Ә.Қадірге тапсырды. Ертеңгілікті 15- қазанда өткізуді ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

5.Т ы ң д а л д ы

Балабақша меңгерушісі Н.Байтурсынова 2022-2023 жылғы кіріс құжаттарын өз уақытында реттеп салып отыруды Балабақша әдіскері Ж.Жанаеваға тапсырды.

Қаулы:

- 1.Тіл мерекесіне арналған апталығының жобасы бекітілсін және өткізілсін
- 2.Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жасалынсын
- 3.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктер жойылсын.
- 4.«Алтын күз» мерекелерінің сценарийлері бекітілсін.
- 15-қазан күні өткізілсін
- 5.Кіріс құжаттары үнемі талқыланып отырсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Н.Байтурсынова



ДҚБ Сымбат бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңестің №2 хаттамасы.

2022-2023 оқу жылы

№2 меңгеруші кеңес хаттамасы.

14.11.2022 ж

Жиналғандар саны -10

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Алтын күз мерекелерін толықтыру.
- 3.«Тәуелсіздік күні, жана жыл мерекелерінің сценарилерін бекіту.
- 4.Балалардың тілдерін дамыту барысында сөздік ойындар пайдалану деңгейі Тақырыптық тексеруорытындысы
- 5.Кіріс құжаттарын талқылау

1.Тыңдалды балабақша әдіскері Ж.Жанаева өткен кеңестің қаулылырының орындалуына есеп берді. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанынын, топтарда дамыту орталары толықтырылып жатқанын айтып өтті. Дегенмен топтарда театр құралдары, жаңа әдістерге негізделген ойын құралдары толық жасалмағанын ескертті.

Меңгеруші Н.Байтурсынова тәрбиешілерге толық орындауға ескерту берді.Тәрбиешілер келісім берді.

Сонымен бірге «Қазақ тілім- ана тілім» апталығының өткізілуіне тоқталды. Ересек «Қарлығаш» тобында «Ана тілім –туған тілім» ашық оқу іс-әрекетінде такпақтар бала жасына сай дайындалғанын, балаларға туған тілін құрметтеу, мақал-мәтел құрау сияқты тапсырмаларға балалар белсенді қатысқанын айтып өтті.

Тәрбиеші И.Халикованың тобында «Тіл халық қазынасы» ашық оқу іс-әрекеті талапқа сай дайындалған.Көрнекі құралдар алдын ала дайындалған. 70 % бала толық қатысты. Балаларға тілін, өлкесін сүйеге, құрметпен қарау сезімдері қалыптасты деуге негіз бар екенін айтып өтті. Балабақшада тіл апталығының өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды.

Меңгеруші келісім берді.

2.Тыңдалы Алтын күз ертеңгілігі көңілдегідей өткенін алдағы мерекелік іс шараға толық дайындалу керек екендігін айтып өтті. Сахна мен көрнекіліктерде балалармен ата аналарда дайын болуын қадағалауды тапсырды.

Ұжым толық келісім берді.Меңгеруші Н.Байтурсынова алдағы іс шараларды жоғары деңгейде өткізе беруді тапсырды.

Тәрбиешілер келісім берді

3.Т ы н д а л д ы балабақша тәрбиешілеріне жаңа жыл мерекелік ертеңгілікті музыкант А.Раймбековамен бірге бекітуге тапсырма берді. А.Раймбекова Жаңа жыл мерекесі ертеңгілігі сценариймен таныстырды. Ертеңгілік бала жасына сай, таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Такпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Жаңа жыл мерекесін 27 желтоқсан күні өткізуді ұсынды. Меңгеруші келісім берді.

4. Т ы н д а л д ы Балабақша әдіскері Ж.Жанаева Әр бала өзінше жеке, әрі қайталанбас тұлға. Сондықтан баланың жан дүниесін түсіне білу, оларды жақсы көру, өзінің жанына жақын тарту біздің негізгі ұстанымым. Сонымен қатар баланы жеке тұлға ретінде қабылдау, бала пікірімен санасу және қоғамда өз көзқарасы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті өзін көрсете білетін, шығармашыл тұлғаны қалыптастыра білу, қазіргі кезде түрлі жолдар тауып, оқыту технологиясының оқу материалдарын меңгертудің неғұрлым тиімді әдістері таңдалған. Бұл әдістерді жүзеге асыру мұғалімнің тікелей шеберлігіне, ізденуіне байланысты.

Іс-әрекет түрлері:

- Ойын
- Әңгімелесу
- Ертегіні мазмұндау
- Рөлдік ойындар
- Дитдактикалық ойындар

5 Т ы н д а л ы м Балабақша меңгерушісі Н.Байтурсынова 2022-2023 оқу Жылындағығы кіріс құжаттарын өз уақытында реттеп салып отыруды Балабақша әдіскеріне тапсырды.


Қаулы:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. Тәуелсіздік іс-шарасын өткізуді тапсырма берді
- 3 Жаңа жыл мерекесінің сценарийі бекітілсін
- 4.Балалардың тілдерін дамыту барысында сөздік ойындар пайдалану деңгейі.Тақырыптық тексеру қанағаттанарлық
- 5.Кіріс құжаттары тажыланысын

Кеңес төрайымы:

Н.Байтурсынова

Хатшысы:



ДҚБ Сымбат бөбекжай балабақшасы

Менгеруші жанындағы кеңестің №3 хаттамасы.

2022-2023 оқу жылы

№ 3 меңгеруші кеңес хаттамасы.

12.12.2022 ж

Жиналғандар саны –10

Күн тәртібі.

- 1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. Тәуелсіздік күні.жаңа жыл мерекелеріне сценарилерін өткізу.
- 3.Жарты жылжық мониторинг қорытындысы
- 4.Кіріс құжаттары талқылау

1.Т ы н д а л д ы балабақша меңгерушісі Н.Байтурсынова өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі.Өткен кеңесте бекітілген «Тәуелсіз елдің көшбасшысы» 1 желтоқсан президент күніне арналған тақырыптық кеш ортаңғы және ересектер тобында жақсы деңгейде өткізілгенін. Балалар белсенді қатысқанын айтып өтті. Тақырыптық кеш мақсаты орындалды деп есептеуге болатынын айтып өтті.

Сонымен бірге меңгерушісі Н.Байтурсынова «Тәуелсіз елдің көшбасшысы» ертеңгіліктің өтілуіне тоқталды. Балабақша безендірілуі талапқа сай. Балаларға арналған тақпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Балалар әнді көтеріңкі көңіл күймен оындады. Балаларға Отанды сүю, туған өлкеге сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, Қазақстанның рәміздері туралы білім беру жұмыстары жүргізілді. Ертеңгілік мақсаты орындалды деп бағаланды.

Меңгерушісі Н.Байтурсынова Жаңа жыл мерекесінің өтілуіне тоқталды. Жаңа жыл мерекесі балалар үшін қызықты, таңғажайыптарға толы мереке.Топтарда «Жаңа жыл» мерекесі өте қызықты өтті. Балалар қызыға қатысты. Сахналау және таңғажайып қызықтар балалар белсенділігін арттырды.Әндер мен тақпақтар бала жасына сай даындалған. Балалар әндерді таза әрі мәнерлі орындады.Дегенмен «Балапан» кіші топта балалар әнді орындау кезінде алаңдаушылық болғанын, ертеңгілік шулы болағанына тоқталып өтті.

Дей тұрғанмен балабақшада жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы мен өтілуі «жақсы» деп бағалауға болатынын айтты.

Тәрбиешілер келісетіндіктерін білдірді.

Сонымен бірге меңгерушісі Н.Байтурсынова балабақша ішіндегі семинар тақырыбымен, іс шара жоспарымен таныстырып өтті. Семинар тақырыбы«Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыруда балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру бойынша оқу

қызметті жобалауды ұсынды. Меңгеруші семинарды қаңтар айының үшінші аптасында өткізетінін ескертіп, тәрбиешілерге дайындалуды ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

2.Тыңдалды. Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелеріне сценарилерін бекітіп өткізуге рұқсат берілді .

Тәрбиешілер толық келісім берді.

3.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Н.Байтурсынова балабақшада өткен аралық мониторингтың қорытындысымен таныстырды.

Қаулы:


- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
«Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыруда балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру семинар өткізілсін.
- 2.Тәуелсіздік күні жаңа жыл мерекелерін өткізуге рұқсат берілсін.
- 3.Аралық мониторинг бойынша балалардың үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейі бойынша көрсеткіш жоғарылатылсын
- 5.Балабақшада түрлі себептермен ақша жинауға тиым салынсын.

Кеңес төрайымы

Хатшысы



Н.Байтурсынова

A decorative border of small, stylized pencils arranged in a rectangular frame around the page.

ДКБ Сымбат бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңестің №4 хаттамасы.

2022-2023 оқу жылы

№ 4 меңгеруші кеңес хаттамасы.

04.05.2023 ж

Жиналғандар саны –10

Күн тәртібі.

- 1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Аналар мерекесі. Наурыз мерекелерін талқылау
3. 1-Мамыр 7-9 мамыр мерекелерінің бағдарламасын бекіту
4. Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту

1.Т ы н д а л д ы Балабақша меңгерушісі Н.Байтурсынова өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі. Балабақшалық ішілік семинар өз дәрежесінде өткізілгенін. Балабақшаның жылдық мақсаты бойынша дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие бойынша лекциялар, ашық оқу қызметі өткізіліп тәрбиешілерге біршама білім берілгенін айтып өтті. Сонымен бірге меңгеруші А.Баисбаева 8 наурыз мерекесінің өткізуге тапсырмаберіп өтті .

«Балапан»кіші тобында балалар әндері орындалуы талапқа сай. Ертеңгілік бала жасына сай дайындалған. Тәрбиешінің шеберлігі жеткілікті. Ертеңгілік өтілуі жақсы.

«Бәйтерек»ортаңғы топта ертегі сахналау, ертеңгілік кейіпкерлері қатысуы, хоровод әндер, оған балалардың қатысуы өте жақсы болды. Балаларға қуаныш, көтеріңкі көңіл күй берілді.

Тәрбиешілер толық келісетіндіктерін білдірді.

2. Т ы н д а л д ы 8-Наурыз, Наурыз мерекелеріне дайындықты бастап сценариилерді бекітуге тапсырма берілді.Мереке баланың жасына сай бағдарланған . 8 Наурыз мерекесі балалардың аналарына деген құрмет Наурыз мерекесі қазақтың ұлттық салт-дәстүріне балалардың бойына сіңіру Керектігі жайлы айтып өтті.

Тәрбиешілер толық келісетіндіктерін білдірді

Тәрбиешілер келісім берді.

Ұжым толық келісім берді.

1. Өткен кеңестің қаулылары толық орындалды.

3.1- мамыр мен 7-9 мамыр мерекелерінің бағдарламалары бекітілді

3. Жазғы сауықтыру жұмысы бекітілсін.

Кенес төрайымы,

Н.Байтурсынова

Хатшысы

№ 5 меңгеруші кеңес хаттамасы.

11.07.2023ж

Жиналғандар саны –9

Күн тәртібі.

- 1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. Жаңа оқу жылына дайындық.
3. 1-мамыр мен 7-9 мамыр мерекелерін талқылау.
4. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы
5. №1 педкенеске дайындық

1.Т ы ң д а л д ы балабақша меңгерушісі Н.Байтурсынова өткен кеңестің қаулыларының орындалуына есеп берді. Балабақшада «7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастырылғанын, ортаңғы тобында эстафеталық жарыс балалар жасына сай өткізілгенін, топ белсенді қатысқанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада өткен флешмоб өткізілгенін, барлық қызметкерлер мен тәрбиеленушілер қатыстырылғанын, балалар көңіл күйі көтеріңкі, қатысулары өте белсенді болғанына тоқталып өтті.

Сонымен бірге «Достық ұлы туымыз» ертеңгілігі мен «Ұлы жеңіс» тәрбие сағатының өтілуі қанағаттанарлық екенін айтып өтті.

2. Тыңдалды Жаңа оқу жылына дайындық ұйымдастырылды.Балалармен жұмыс жоспары ұйымдастырылсын. Оны балабақша әдіскері Ж.Жанаеваға тапсырылсын .

Ұжым толық келісті.

3.Т ы ң д а л д ы Ж.Жанаеваға 1-мамыр мен 7-9 мамыр мерекелерін талқыланды.

Мереке тамаша өтті балалар бойына бірлік пен жеңіс күніне деген қызығушылықтары ойанғаны туралы айтып өтті.

Тәрбиешілер келісім берді.

4.Т ы ң д а л д ы балабақша меңгерушісі Н.Байтурсынова жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырып өтті.Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн өтпеу.

дұрыс тамақтану және жарақаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керектігін қадап айтты.

5.Т ы н д а л д ы Ж.Жанаеваға 1 Педогогикалық кеңестің көтерілетін мәселелермен танысу.Ұжымның жылдық жоспары. Ата аналармен қарым қатынас Мектепке дейінгі ұйымның болашағы мен бүгіні. Балалардың сөздік кабілеттерін ойын арқылы дамыту тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстары т.б мәселелермен таныстырылды.

Қаулы:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
- 2.Жаңа оқу жылына дайындық басталсын.
- 3.1-мамыр мен 7-9 мамыр мерекелері талқыланды
- 4.Жазғы сауықтыру жұмысы қорытындыланды
- 5.1 педкеңеске дайындық жасалынды.

Кеңес төрайымы:

Н.Байтурсынова

Хатшысы:

